

ТАБЫСТЫ МЕКТЕП – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МЕКЕНІ

Ақтөбе қаласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған физика-математика мектеп-интернаты Ақтөбе өңіріне ғана емес, республика көлемінде де өз нәтижесін толық дәрежеде көрсетіп жүрген білім ордасы.

Іргетасы 1996 жылы қаланған білім ордасы оқушыларды білім нәрімен үнемі сусындатып келеді. Мектеп-интернат Ақтөбе өңіріне етене таныс. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған физика-математика мектебі шын мәнінде дарынды оқушылардың өресін өсіретін бірден-бір мектеп десе де болады. Бұл мектеп «Дарынды балалар үшін арнаулы мектептер жүйесіне» кіреді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының озық тәжірибесін таратуға арналған базалық мектеп болып саналады. Бұл жерде өз мамандығына үлкен жауапкершілікпен қарайтын мамандар қызмет етеді. Мектеп-интернаттың ұстаздары – қазақ елінің келешегі, бүгін мен ертеңі өздері тәрбиелейтін оқушылар екенін жақсы түсінеді. Өзге елдермен тереземізді теңестіріп, өркениетті елдер қатарына ілестіріп, әлемге көк байрағымызды желбіретер жас ұландар заманауи жаңа технологиялармен жабдықталған біздің ғимараттан да бой көрсетіп, өздерін жан-жақты танытып келеді.

Әр ұстаз өз еңбегінің жемісін көруге ұмтылады. Бұл тіпті барлық адамзатқа тән заңдылық. Ел аузында мақтаулы мектептің осы уақытқа дейін жеткен жетістіктері мен бағындырған биік белестері өте көп.

Мектептен білім алған түлектердің 95%-дан астамы білім грантын иеленді. Білім берудің Мемлекеттік стандарттары Ұлттық орталығының рейтингісі мен білім беру ұйымдары арасында жүргізілген мониторингтеріне сәйкес, мектеп-интернат Қазақстандағы «100 таңдаулы мектеп» қатарына енді. Оқушыларымыздың жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жоба сайысының тұрақты қатысушылары және жүлдегерлері екенін мақтан тұтамыз.

Білім ошағы «Облыстың үздік инновациялық мектебі», «Үздік интернаттық білім беру ұйымы» номинациясы, «Білім ұясы» және «Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы-2017» Республикалық конкурстарының жеңімпазы атанды. 2016-2017 оқу жылындағы жазғы мектеп жанындағы лагерь облыстық конкурс нәтижесінде бас жүлдеге ие болды. «Үздік ғылыми-техникалық» облыстық байқауында I командалық орынмен марапатталды.



Каракоз ТЛЕУМАГАМБЕТОВА

Ұлттық бірыңғай тестілеу – мектептің оқу жылындағы білім көрсеткіші десек, осы межеден де білім ордамыз жоғары деңгейден көрініп келеді. 20 жыл ішінде мектептен 80 «Алтын белгі», 123 «Үздік аттестат» иегерлері өз білімдерін дәлелдеп шықты. Халықаралық, республикалық жетістіктерге қол жеткізген үш түлек облыс әкімнің автокөлік сыйлығын иеленді.

Алтын ұя мектебінен қанаттанған шәкірттер бүгінде әр салада қызмет етіп жүрген озық ойлы азаматтардың қатарында. Қоғамда өзіндік орны бар, дойбыдан Халықаралық Гроссмейстер, Әлемнің 12 дүркін чемпионы, облыстың «Жыл адамы-2014» атанған Жекеев Миратты мақтанышпен айта аламыз. Мектеп түлектері – Қазақстан, Ресей, Қытай, АҚШ, Түркия, Англия,

Малайзия, Сингапур елдеріндегі дүниежүзілік алдыңғы қатарлы университет студенттері. Алға қойған ұлы мақсаттарымыз бізді шәкірттерімізбен бірге келелі келешекке бастайтынына сенімдімін.

БІЛІКТІ ҰСТАЗ, БІЛІМДІ ШӘКІРТ – МЕКТЕП АЙНАСЫ

Оқушының бойындағы жылт еткен ұшқынды лапылдаған жалынға айналдыра білетін ұстаздарымыз білім ордасының айнасы. Дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында 42 мұғалім қызмет етеді. Олар өскелең ұрпақтың шығармашылығын дамытуға, қоғам өміріне белсене араласу үшін тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру бағытында талмай еңбек етіп келеді. Білім ордасының ойы озық, шығармашылығы шырқау, ізденісі ілгері ұстаздары білім бәсекелерінде белсенділік танытудан танған емес. Адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Алайда оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға даярдай терең білім, биік парасаттылық, талмас еңбекқорлық, таза ниет керек. Осы орайда мектебімізде терең танымымен, тынымсыз тірлігімен тың серпіліс танытар үлгілі ұстаз қатары жыл сайын толығып келеді.

Мектебімізде жоғары дәрежелі педагог мамандар бар, соның ішінде Білім беру ісінің үздігі атанған – 7 педагог, Ыбырай Алтынсарин медаліне ие болған – 2 педагог, Білімді дамытудағы еңбегі үшін медалін алған – 2 педагог, Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасын иеленген – 11 педагог маман жұмыс жасайды.

Сонымен қатар мұғалімдеріміз түрлі облыстық, республикалық, халықаралық байқауына қатысып, жүлделі орындар иеленіп жүр. Атап айтсақ, «Облыстың ең үздік мұғалімі» конкурсында – 13 педагог жеңімпаз атанды. 18 педагог маман оқулық, бағдарлама, әдістемелік, дидактикалық құралдар дайындаған. Мектебіміздің жоғары санатты, химия пәні мұғалімі Аяова Райса Қосжанқызы Республикалық конкурста «Үздік педагог-2017» атағына ие



болды. Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен, «Ерен еңбегі үшін» орденімен математика пәнінің мұғалімі Танатарова Ұштап Бақытбекқызы марапатталды. Тәжірибелі маман, жоғары санатты математика пәнінің мұғалімі Саржанов Орынбасар Республикалық «2018 жылдың үздік педагогі» атағын иеленді. Республикалық «Үздік бағдарлама» байқауында орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Камбарова Бактыгүл Бабеновна III орын иеленді. Біз тек қана оқушыларымызбен емес, сондай-ақ ұстаздарымызбен де мақтанамыз. Пән мұғалімдері сапалы білім беруде деңгейлік курс бағдарламасын жүзеге асырып, «Іс-әрекетті зерттеу» жұмысы жалғасын тауып жатыр. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сабақтарда міндетті қалыптасқан оқушылардың білімін критериалды бағалау жұмыс барысында кеңінен қолданылып келеді. Мектепішілік қауымдастықта деңгейлік курстан өтпеген мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатындағы коучингтер, үлгілі сабақтар жоспарға сай жүйелі жүргізілуде.

ШӘКІРТ ЖЕТІСТІГІ КӨПKE ОРТАҚ

Оқушы қабілеттерінің жан-жақты дамуына, сандық технологияларда құзырлылық танытуына мектеп-интернатта мол мүмкіндік қарастырылған. Оқыту үдерісіне әлемдік озық әдістемелер мен технологиялар енгізілуде, жылдар бойына үлкен тәжірибе жинақтап, мектебімізде

жүргізіліп келе жатқан инновациялық жұмыстар, білім сапасының Республикада және облыста жоғарғы көрсеткішке жетуіне негіз жасады. Мамандандырылған мектептің статусына, мақсатына қарай, ондағы ұйымдастыру, бейінді білім мазмұны, мониторингтік жұмыстар тәжірибесі – оқушылардың әлемдік деңгейде сапалы білім алып, шығармашылық жетістіктерге жетуіне мүмкіндік берді. Жарқын болашақтың бастауын бүгіннен қалайтын білім ордасы шәкірттерін шыңдаудан еш жалыққан емес. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде оқушыларымыз жоғары белсенділік танытып, жетістікке жеткені үшін «Үздік команда» номинациясы бойынша алдыңғы қатардан көрінді. Білім бәйгесінің облыстық кезеңінде оза шапқан оқушылар легі I орынды жеңіп алды.

Қазіргі заман талабына сай «Роботты техника» бойынша оқу бағдарламасымен бір маман сертификатталды. Үйірмеде робототехниканың пайда болу тарихы мен дамуы жайында теориялық білімдерін толықтырып, алдағы уақытта роботтарды құрастырып, оны бірнеше әдіс-тәсілдер арқылы жүргізіп үйренуге толық мүмкіндіктер қарастырылған. Үйірмеге оқушылардың қызығушылықтарының жоғары екендігін атап өтуге болады.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін мектебімізде «Квант», «Спорттық ойындар», «Робототехника», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ», «Дебат», «Домбыра», «Би» үйірмелері ұйымдастырылған. Оқушылардың үйірме, спорттық жарыстарға қатысуының көрсеткіштері өте жақсы. Мысалы, «Ақтөбе – Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген волейбол ойынынан I орын, үстел теннисі ойынынан II орын, тоғызқұмалақ ойынынан I орын, «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ұйымдастыруымен болған облыстық үстел теннисінен 7-класс оқушысы Қ.Шеркешбаев I орын, облыстық шахмат турнирінде 9-класс оқушысы М. Альмуратова II орын, облыстық шахмат турнирінде 7 класс оқушысы А. Түркменбай II орын иеленді. Шәкірт қабілетін шыңдап, дарындыларды даралап көрсететін байқауларда топ жарған оқушыларымызға әрдайым қолдау көрсетеміз.

Жеке тұлғаның шығармашылық потенциалын арттыру бағытында «Оқушылардың өзін – өзі басқару» ұйымы жұмыс істейді. Қол жеткізген жетістіктерімен көш бастап, көзге түскен оқушыларымызда баршылық. Атап айтар болсақ, 11 – сынып оқушысы Майлыбай Гүлдана Әбіш Кекілбаевтың шығармалары бойынша көркемсөз сайысының облыстық кезеңінде бас жүлдені қанжығасына байлап, республикалық кезеңге жолдама алды. Физика пәнінен оқушылар арасында өткізілген «Квант»

турнирінен «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың облыстық байқауында Жиенбаев Айдын, Сундинова Дилназ және Өмірзақ Мұқағали 1 орын, 11-класс оқушысы А. Таңатов I орын иеленсе, 11-класс оқушысы Б.Қарабаев II орын, 10-класс оқушысы И. Махмұтов II орын алды. Республикалық «Зерде» ғылыми жобалар жарысының облыстық кезеңінде физика секциясы бойынша Әкімгереева Шадиара мен Саламатова Фарида 1 орынды иемденіп, республикалық кезеңге жолдама алса, 7-класс оқушылары А. Әбдірова, Г.Нұралы, Д. Джумакулова II орынға ие болды. Облыстық ғылыми жобалар жарысында 11-класс оқушылары Ә.Айтқали, М. Сайлау I орын, 9-класс оқушылары Ә. Қосақбаев, Б. Әнесов – I орын, 11-класс оқушылары А. Жәнібекұлы, Б.Әлқуат II орын алды. Е.Сейткалиева облыстық Канипа Бітібаева олимпиадасынан II орын алып, республика деңгейінде III орын иеленіп, жоғары оқу орнының грант иегері болды. Қосақбаев Әділбек Республикалық «Ақберен» байқауының облыстық кезеңінің III дәрежелі жүлдегері атанды. 10-класс оқушысы А. Қазен, 10-класс оқушысы М. Рахматуллаева ағылшын тілі пәнінен «FLEX» жарысынан 3 тұрға өтті.

ТІЛІ БІРДІҢ – ТІЛЕГІ БІР

«Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және

ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», – деп Елбасымыз «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан» атты халыққа арнаған Жолдауында айтып кеткені есімізде. Сонымен қатар мемлекет басшысы дәл осы Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» атты мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуға ұсынған болатын.

Мектептегі әдістемелік жұмыста педагогикалық іс-тәжірибені жетілдіре отырып, үш тілділікті дамытуда мектептің жұмыс жоспарына сәйкес химия, биология, математика, физика мұғалімдері пән бойынша оқушылармен терминологиялық сөздіктермен жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. 2016 жылдың тамыз айында физика, химия, биология пәні мұғалімдері пән бойынша ағылшын тілінде біліктіліктерін арттыруға бағытталған курстан өтті. Осы пән мұғалімдері «Пән сабақтарына терминологиялық сөздіктерді пайдалану» тақырыбында облыс көлемінде әдістемелік жинақтарын шығарды. Мектеп мұғалімдері өз іс-тәжірибелерін республикалық баспасөздерде кеңінен жариялап келеді.

«ШАҢЫРАҚ» ОҚУШЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

2018-2019 оқу жылында мектептегі оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасында ынтымақтастық, креативті орта, өзара құрмет, командалық рух қалыптастыруға бағытталған «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы құрылды. Оны мектепте командалық рухты көтеретін және менторлық жүргізетін қауымдастық деп те айтуға болады. «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы». Білім ордамыз «Шаңырақ» қауымдастығы арқылы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын да жүзеге асыруды мақсат тұтады. Сондықтан қауымдастықта «Ата-ананың жұмысында бір күн», «Ата-ана бір күн мектепте», «Туған елге тағзым» өлкетану экспедициясы, «Мектепішілік шаралар», «Қоғамға қызмет ету», «100 жаңа есім», «100 ән», «100 кітап» атты жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалармен тәжірибелерді жоспарладық. «100 жаңа есім» бағытында «Ұрпаққа ұлықтап, ізгілік істерін...» тақырыбы аясында ғалымдармен кездесу ауқымды түрде өткізілді. Салауатты өмір салтын насихатта-



уда Халықаралық спорт төрешісі Дмитриев Федор Борисовичпен кездесу болып өтті. Кездесуге барысында спортқа жаны құмар мектеп оқушылары көкейтесті сұрақтарына ұтымды жауап ала білді.

«БАҚЫТТЫ БАЛА» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

Білім негізі бала бойына денсаулықтың, жақсы демалыстың арқасында даритыны белгілі. Сондықтан біздің мектебімізде бұл салада да түрлі сауықтыру шаралары жүзеге асырылып келеді. Дарынды балаларға арналған жыл бойы жұмыс жасайтын «ВОСТОК» оқу-сауықтыру лагеріне 2017-2018 оқу жылында 13 оқушы, «Балдәурен» Республикалық лагеріне 4 оқушы жолдамаға қол жеткізді.

Облыс әкімі Б.Сапарбаевтың бастамасымен 2018 жыл «Бала жылы» деп жарияланған болатын.

«Бақытты бала» жобасы аясында Ақтөбе облысының бірнеше дүркін шығармашылық, спорттық, интеллектуалдық салаларда республикалық, халықаралық жетістіктері бар оқушыларды қолдау, оларды ынталандыру және жетістіктерін келесі буынға үлгі ету және жазғы демалысын Татарстан, Қытай елдерінде өткізу үшін грант бөлінген болатын.

Ақтөбе облысының әкімі тарапынан бөлінген Грантты 9-класс оқушылары – Асқар Бектұр, Сапар Қасымхан, Қазен Аслан жеңіп алды.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ – ӨМІРДІ ТАНУ

«Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызы Назарбаеваның бастама-сымен білім беру үрдісіне «Өзін-өзі тану» пәні енгізілді. Бұл пән бойынша берілетін рухани – адамгершілік білім негіздері жаңа ғасырда, жаңаша бақытты өмір сүруді қалайтын, қоршаған табиғи ортаны сақтауға мүдделі, өзіндік көзқарастары мен дүниетанымы терең, айналадағы адамдармен тіл табысуға, түсінуге ұмтылатын, болашақ ұрпақтың жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруге қызмет етеді. Осы орайда жас ұрпаққа рухани тәлім – тәрбие мен оларды адами ізгі қатынастарға үйретуде



«Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің орны ерекше. Сондықтан да балаларға деген махаббат, әрбір баланың жеке даралық қабілеттерін құрметтеу, шыдамдылық, «ізгі ақыл» мен «жылы жүрек» «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің ең басты қасиеттері болуы тиіс. Осындай қасиеттерімен әрдайым өзгелерден ерекшеленіп жүретін ұстаздарымыздың бірі – Қарасаева Алтын Алмасқызы. Ол өз бойындағы ізгілік пен мейірімділік қасиеттерін шәкірттеріне де сіңіре білген жан. Соның арқасында Алтын Алмасқызының шәкірттері өзін-өзі тану пәні бойынша өткізілген облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары. Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде 7-класс оқушысы Итемген Диас I орын, 10-класс оқушысы Тоғаева Дана II орын иеленсе, 7-класс оқушысы Жеткерген Шапағат, 8-класс оқушысы Молдабеков Бекзат, 9-класс оқушысы Жақсылық Дамира «Мақтау қағазымен» мадақталды. Нәтижесінде Республикалық олимпиададан 7-класс оқушысы Итемген Диас I дәрежелі дипломмен марапатталды.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ТІРЕГІ – ЖАСТАР
Біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – заман талабы. Қазіргі таңда жас мамандарды жұмысқа бейімдеу, олардың ұжыммен етене болып кетуіне жағдай жасау өз дәрежесінде жүргізілуде.

Биылғы 2018- 2019 оқу жылында мектебіміз көптеген жас мамандармен толығып, олар еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар ұрпаққа білімнің кәусар бұлағынан сусындату бағытында еңбек етіп келеді. Осы орайда мектебімізде «Жас қанат» жас мамандар орталығы құрылып, арнаулы жоспар бойынша жұмыс атқаруда.

Жас ұстаздармен жүргізілетін түрлі формадағы жұмыстардың барлығы дерлік олардың кәсіби шеберліктерінің жетілуіне, үнемі өз білімін жетілдіре отырып, шығармашыл ізденісте қажымайтын ұстаз болуға бейімделуіне, жаңа технологиялардың қыр – сырын меңгеріп қана қоймай, оны тиімді пайдалана білетін кәсіби жетілген білікті маман болатынына септігін тигізери анық.

Бар саналы ғұмырын, жастық жолы мен күш қайратын, терең де телегей білімдерін шәкірттеріне арнаған ұстаздардың еңбегі зор. Сондықтан, шәкірттерін шығармашылықпен шыңдау, жан – жақты дамыту, білім беру үрдісінде үздіксіз жетістіктерге жету табысты мектептің басты нысаны болмақ.

**Каракоз ТЛЕУМАГАМБЕТОВА,
Ақтөбе облыстық
мамандандырылған
физика-математикалық
мектеп-интернатының
директоры**

АННОТАЦИЯ ○

В статье директор специализированной физико-математической школы-интерната Актыубинской области Каракоз Тлеумагамбетова рассказывает о достижениях учебного заведения, о том пути, который прошел сплоченный педагогический коллектив за 20 лет, вкладывая все свои знания и навыки во благо подрастающего поколения.